

ЖЕГІҚҰРТ

Жемқорлыққа қарсы мәдениет

Сыбайлас жемқорлық – кез келген мемлекеттің тұрақты дамуына, қоғамның әділдік қағидаттарына нұқсан келтіретін күрделі әлеуметтік құбылыс. Ол мемлекеттік басқару жүйесіне деген халық сенімін әлсіретіп, экономикалық өсімге, инвестициялық тартымдылыққа және азаматтардың құқықтарының қорғалуына кері әсер етеді. Сондықтан сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру – мемлекет пен қоғамның ортақ міндеті.



Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет - бұл әрбір азаматтың заңға құрметпен қарап, адалдық пен әділдікті өмірлік ұстанымына айналдыруы. Мұндай мәдениет отбасы тәрбиесінен басталып, балабақша, мектеп, жоғары оқу орындары және еңбек ұжымдары арқылы жалғасады. Әсіресе, жастардың бойына парасаттылық, жауапкершілік, отансүйгіштік және адал еңбек құндылықтарын сіңірудің маңызы зор.

Қазіргі таңда елімізде сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған кешенді жұмыстар жүргізілуде. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру - қоғамның құқықтық санасын көтерудің адалдық пен әділдік қағидаттарын

орнықтырудың басты тетігі. Бұл бағыттағы жұмыс әрбір азаматтың саналы көзқарасын, парасаттылық қағидатын және заңға деген құрметін тәрбиелеуге негізделеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет тұлғада құқықтық шеңберде іс-әрекет етуі үшін белгілі бір біліктіліктердің болуын талап етеді, олар жемқорлықты әлеуметтік зұлым ретінде тани білуі, сыбайлас жемқорлықпен күрес негіздерін және оның қоғам өмірінің кез келген саласында деңгейін төмендету үшін барлық мүмкіндіктерді пайдалана білуі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет адамның жоғары моральдық, құқықтық, саяси және басқа мәдениеттер негізінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұра

білу қабілетін білдіреді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қазіргі уақытта шынайы қажетті құбылыс мәртебесін иеленеді, оны әлеуметтендіру процесінде қоғамның барлық әрекетке қабілетті мүшелері игеруі тиіс.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім – тұлғаның адамгершілік, зияткерлік, мәдени тұрғыдан дамуы және сыбайлас жемқорлықты қабылдамаудағы белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыру мақсатында жүзеге асырылатын, тәрбиелеу мен оқытудың үздіксіз процесі. Сондай-ақ жастардың бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің толық қалыптасуы үшін бірқатар шарттар керек екендігі сөзсіз. Ол үшін ең алдымен, тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру керек.

Мемлекеттік аппараттың маңызды міндеттерінің бірі – қызмет барысында заңдылық пен ашықтық қағидаттарын нығайту, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет пен парасаттылық деңгейін арттыру, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алуға бағытталған қоғамда төзбеушілік ахуалын қалыптастыру, сондай-ақ адалдық, әділеттілік және жауапкершілік құндылықтарын дәріптеу болып табылады.

Қазақстан Республикасы Президенті өз сөзінде түпкі мақсат сыбайлас жемқорлықтан азат қоғам құру екенін атап өтті. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін мемлекеттік органдардың ашықтығын қамтамасыз ету, заң үстемдігін нығайту, азаматтардың құқықтық мәдениетін арттыру және қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасын қалыптастыру ерекше маңызға ие.

Н.КУСМАНОВА,
№1 арнаулы әлеуметтік
қызметтер көрсету
орталығының заңгері

ДЕНСАУЛЫҚ

Сколиоз деген не?

Сколиоз – омыртқа жотасының қалыпты тік қалпынан бүйірге қарай қисаюымен сипатталатын тірек-қимыл жүйесінің ауруы. Бұл дерт көбінесе балалар мен жасөспірімдердің қарқынды өсу кезеңінде анықталады. Сколиоздың жеңіл түрлері ешқандай белгі бермеуі мүмкін, алайда ауру асқынған жағдайда дене сымбатының бұзылуына, арқадағы ауырсынуға, тыныс алу мен ішкі ағзалардың жұмысына кері әсерін тигізуі ықтимал.



Сколиоздың пайда болуына әртүрлі себептер әсер етеді. Олардың қатарында туа біткен омыртқа ақаулары, жарақаттар, жүйке-бұлшық ет аурулары және ұзақ уақыт дұрыс отырмау сияқты факторлар бар. Дегенмен көптеген жағдайда аурудың нақты себебі анықталмайды, мұндай түрі идиопатиялық сколиоз деп аталады.

Аурудың негізгі белгілеріне бір иықтың екіншісінен жоғары болуы, жауырындардың симметриясыз орналасуы, бел сызығының өзгеруі, дененің бір жаққа қисайып тұруы және ұзақ жүргенде немесе отырғанда арқаның тез шаршауы жатады. Кейбір науқастарда арқа ауыруы байқалса, басқаларында сыртқы өзгерістер ғана көрінуі мүмкін.

Сколиозды анықтау үшін дәрігер науқасты қарап, омыртқаның жағдайын бағалайды. Қажет болған жағдайда омыртқаның рентгенографиясы жүргізіліп, қисаю дәрежесі арнайы бұрышпен өлшенеді. Ерте кезеңде анықталған сколиозды емдеу тиімдірек болады.

Емдеу тәсілі омыртқаның қисаю дәрежесіне және науқастың жасына байланысты таңдалады. Жеңіл түрінде емдік дене шынықтыру, арнайы жаттығулар, жүзу және дәрігердің

бақылауы ұсынылады. Орташа дәрежедегі сколиозда арнайы корсет тағу қажет болуы мүмкін. Ал қисаю өте ауыр болған жағдайда омыртқаны түзетуге арналған хирургиялық ем қолданылады.

Сколиоздың алдын алу үшін дұрыс дене қалпын сақтау, оқу және жұмыс орнын дұрыс ұйымдастыру, ауыр сөмкені бір иыққа асып жүрмеу, тұрақты түрде дене белсенділігімен айналысу және балалардың омыртқасын профилактикалық тексеруден өткізу маңызды. Сонымен қатар кальций мен D дәруменіне бай тағамдарды тұтыну және салауатты өмір салтын ұстану сүйек пен бұлшық ет жүйесінің дұрыс дамуына ықпал етеді.

Сколиоз – уақытында анықталып, дұрыс ем қабылданған жағдайда асқынуының алдын алуға болатын ауру. Сондықтан омыртқаның қисаю белгілері байқалған жағдайда өздігінен емделмей, міндетті түрде дәрігер-ортопедке немесе травматологқа қаралған жөн. Ерте диагностика мен уақытылы емдеу омыртқа саулығын сақтауға және өмір сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

О.ЗИРЕК,
аудандық санитариялық-
эпидемиологиялық бақылау
басқармасының басшысы

ХАБАРЛАНДЫРУ!



ATAMNYN AMANATY

Бізге өтініш жолдаңыз!

«Атамнұн Аманаты» қоғамдық бірлестігі – еліміздегі екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында хабар-ошарсыз кеткендерді іздеумен және архивтік, далалық зерттеулермен айналысатын бірден-бір ұйым. Біз соғыс жылдары жоғалып кеткендерді іздеу бойынша өтініштеріңізді қабылдаймыз.

Соңғы уақыт ішінде бізге 12 мыңнан астам өтініш келіп түсті, оның ішінде 4500-ден астамы орындалды. Ай сайын орта есеппен 50-ге жуық өтінішті қарастырамыз.

Егер сіз де соғыс жылдарында жоғалып кеткен туыстарыңызды іздесеңіз, төменде көрсетілген байла-

ныс нөмірлері немесе арнайы құрылған сайт сілтемесі арқылы өтініш бере аласыз. Сонымен қатар әлеуметтік желілерде парақшаларымыз бар – онда біз ұйымымыздың қызметі мен барлық іс-шараларымызды жариялап отырамыз. Жаңалықтардан хабардар болу үшін жазылуарыңызға болады. Барлық парақша сілтемелері төменде көрсетілген.

Біздің ұйым ақысыз жұмыс

Тәртіп бар жерде тұрақтылық бар

Елімізде «Заң мен тәртіп» қағидатын орнықтыру, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін тиімді қорғау, құқықтық мәдениетті арттыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде.

Осы орайда аудан аумағында 18—21 тамыз аралығында өткізіліп жатқан «Құқықтық тәртіп» жедел профилактикалық іс-шарасы тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуді, құқық бұзушылықтардың алдын алумен қатар қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуді көздейді.

Мемлекет басшысының және Ішкі істер министрінің тапсырмасына сәйкес республика көлемінде басталған іс-шара барысында тәртіп сақшылары қоғам тыныштығын күзетіп ғана қоймай, түрлі деңгейдегі қылмыстарды болдырмауға жұмыла жұмыс жасайды.

Соған орай, ауданның полиция қызметкерлері қоғамдық орындарда



құқық бұзушылықтарға жол бермеу, қылмыстардың алдын алу және олардың жолын кесу бағытында аудан аумағында рейдтік және профилактикалық іс-шараларды күшейтуде.

Заң талаптарын сақтап, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге Сіз де өз үлесіңізді қосыңыз! Қоғамдық тәртіпті сақтау – баршамызға ортақ міндет!

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

ХАБАРЛАНДЫРУ!

“ДАУЛЕТКАЛИЕВ” ИП, ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес, сағат 10:00 мин.-та 2026 жылғы 29 қыркүйек Атырау облысы, Махамбет ауданы, Ақжайық ауылы, Ақжайық көшесі, 33А, «Ақжайық» мәдениет үйі мекен-жайында, «Тауарлы сазан өсіруге арналған тоғандық балық шаруашылығы» жұмыс жобасына Қоршаған ортаға ықтимал әсерлер туралы есеп бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өтеді. Жобалық құжаттама пакетімен интернет ресурсында <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat?lang=ru>, <https://ndbecology.gov.kz/> танысуға болады. Әсер ету аумағы Атырау облысы, Ақжайық ауылдық округі 1)47°58'00.61"N 51°40'33.92"E 2)47°57'59.46"N 51°40'38.22"E 3)47°57'52.54"N 51°40'37.41"E 4)47°57'54.85"N 51°40'33.32"E Белгіленіп отырған қызмет бастамашысының байланыс деректері: “ИП ДАУЛЕТКАЛИЕВ” Атырау,Қаиршахтинский сельский округ, Аксай, ул 1 дом 9 ЖСН 801215301826. Жасаушылардың деректемелері және байланыс деректері: «JASYLMEKEN» ЖШС Ақтөбе Қ.Ә., Астана ауданы, ш.а. 12 ВГ,54, офис 3 БСН 230440035727 eco@jasylmeken.kz +7 778 129 78 09 Ескертулер және/немесе ұсыныстар Ақпараттық жүйе және atr.priroda@atyrau.gov.kz сондай-ақ веб-сайтта <https://ndbecology.gov.kz/> арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады. Белсенді сілтеме Ақпараттық жүйеде ұсынылады: <https://ndbecology.gov.kz/>, <https://us05web.zoom.us/j/82143624275?pwd=iyXJyzlGxTUMaH3VwkslsskbbjNBP.1> Конференция идентификаторы: 821 4362 4275 Қатынас коды uP4LQq Қосымша ақпаратты келесі электрондық мекенжай eco@jasylmeken.kz бойынша алуға болады және телефон арқылы +7 778 129 78 09 алуға болады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ!

«ИП ДАУЛЕТКАЛИЕВ», в соответствии с требованиями статьи 96 Экологического кодекса РК, сообщает, что в 10:00 мин. 29 сентября 2026 года по адресу: Атырауская область, Махамбетский район, Акжайыкский с.о., с.Акжайык, ул. Акжайык, 33А, Дом культуры Акжайык, состоится общественные слушания в форме открытого собрания по Отчету о возможных воздействиях на окружающую среду к рабочему проекту «Прудовое рыбное хозяйство по выращиванию товарного карпа». С пакетом проектной документации можно ознакомиться на сайте о <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat?lang=ru>, <https://ndbecology.gov.kz/>. Территория воздействия: Атырауская область, Махамбетский район, Акжайыкский сельский округ. 1)47°58'00.61"N 51°40'33.92"E 2)47°57'59.46"N 51°40'38.22"E 3)47°57'52.54"N 51°40'37.41"E 4)47°57'54.85"N 51°40'33.32"E Реквизиты и контактные данные инициатора: «ИП ДАУЛЕТКАЛИЕВ», Атырау,Қаиршахтинский сельский округ, Аксай, ул 1 дом 9 ИИН 801215301826. Реквизиты и контактные данные составителей: ТОО «JASYLMEKEN» БИН: 230440035727 г.Актобе, 12ВГ, д.54, 3 офис eco@jasylmeken.kz +7 778 129 78 09. Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний в Информационной системе atr.priroda@atyrau.gov.kz, а также на сайте <https://ndbecology.gov.kz/>. Активная ссылка будет предоставлена на Информационной системе: <https://ndbecology.gov.kz/> <https://us05web.zoom.us/j/82143624275?pwd=iyXJyzlGxTUMaH3VwkslsskbbjNBP.1> Идентификатор конференции 821 4362 4275 Код доступа uP4LQq Дополнительную информацию можно получить по электронному адресу eco@jasylmeken.kz, и по телефону +7 778 129 78 09.

Ұмытпа,
атаңды ізде...

